



БЕЙБИТ КҮННІҢ БАТЫРЫ КІМГЕ ҰНАМАЙДЫ?

5-БЕТ | ҚОҒАМ



АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ МА?

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ӨЗІҢ ҚАЗАҚ. ҚҰЖАТЫҢ ШЕ?

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Халықтың табысын арттыру бағдарламасы қабылданды. Бірақ оның жұртқа тигізіп жатқан пайдасы шамалы. Ең алдымен, жергілікті жерлерде тиімді жұмыс жүргізілуі керек. Әкімдер жыл сайын әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын ашуға тиіс. Менің білуімше, бұл бағытта нақты нәтиже жоқ. Тағы да ескертемін. Өңір басшыларының жұмысын бағалаған кезде осы көрсеткішке баса мән береміз. Жұмыс орындарын ашу жұрттың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Экономиканың тұрақты дамуы да осыған байланысты.

№95
(4373)
Сенбі
13 тамыз
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Құрылыс саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтаймын!

Жан-жағымызда тұрған көз сүйсінер ғимараттар, үйлер, мектептер, ауруханалар, сәулет нысандары – осының бәрі құрылысшылардың еңбегі. Олардың тоқтаусыз және күнделікті еңбегінің арқасында бір кездегі шағын қала өркендеген елордаға айналды. Қала тұрғындарының саны төрт есе өсті.

Ел астанасында 1997 жылдан бері 32 миллион шаршы метрден аса тұрғын үй, ондаған әлеуметтік нысан, оның ішінде мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер, спорттық және мәдени нысандар салынды. Осы аптада елордада Қазақстандағы және Орталық Азиядағы ең үлкен жаңа мешіт ашылды. Ол қазірдің өзінде қаланың көрікті және тартымды орындарының бірі болып саналады.

Соңғы үш жылда елордада 5 жылдық норма орындалды және соның нәтижесінде 8 миллион шаршы метр тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қолжетімді әлеуметтік баспана құрылысының көлемі айтарлықтай ұлғайды.

Көз сүйсінер көрікті қаламыз армандар орындалатын мекен болып саналады. Қала тұрғындары сапалы білім алады, карьера жасап, отбасын құрады, баспаналы болады. Елорданың дамуына әр адам өзінің үлесін қосып келеді.

Құрылыс саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтаймын! Зор денсаулық, бақыт, табыс және әрбір бастамаларының орындалуын тілеймін!

Алтай КӨЛГІНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының әкімі

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ҮЛКЕН МЕШІТ

Елордада Орталық Азиядағы ең үлкен мешіттің ашылу салтанаты өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев және бір топ мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты.

Жаңа мешіттің бас күмбезінің биіктігі – 90 метрге жуық, ал мұнаралары – 130 метр. Құлшылық үйіне бір мезгілде 30 мың адамға дейін қабылданады.

«Қасиетті жұма күні елордамызда еңселі мешіт ашылып отыр. Бұл елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласының бас мешіті деп аталады. Тәуелсіздік дәуірінде бізді қолдаған, елімізді ел

қылуға жар болған Алла Тағалаға деген құрметімізбен мен осы мешітті салуға ниет жасадым. Бұл – бас қаламыз ғана емес, бүкіл еліміз, барлық мұсылман қауымы үшін маңызды оқиға» деді мешіттің ашылу салтанатында Нұрсұлтан Назарбаев.

Сондай-ақ Н.Назарбаев кейінгі 30 жылда бас қалада көптеген еңселі нысандар бой көтергенін айтты.

ЕЛОРДА – ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ҚАЛАСЫ

Ертең – Құрылысшылар күні. Ерке Есілдің жағасында жаңаша сәулеттік нақышпен бой түзеп жатқан әсем қаланың сұлу бейнесі алыстан көз тартып, көңіл баурайды. Әсіресе сол жағалаудағы әсем ғимараттар өзінің ерекше сәулетімен, заманауи реңімен тамсандырыуда. Бұлардың қай-қайсысында да құрыш қолды

құрылысшылар қолтаңбасы сайрап жатыр. Астана – құрылысшылар қаласы. Соңғы үш жыл ішінде 8 млн шаршы метр тұрғын үй, түрлі әлеуметтік нысандар, ондаған мектеп бой көтерді.



ЕЛОРДАДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫНА КӨҢІЛІҢІЗ ТОЛА МА?

- 11%** Иә, елордадағы қоғамдық автобустардың жұмысы бір жолға қойылған
- 39%** Кішігірім олқылықтарға қарамастан аймақтармен салыстырғанда елордадағы қоғамдық көліктердің жай-күйі жақсырақ
- 33%** Жоқ, қарбалас уақытта автобус жолаушыға лық толы болады. Қоғамдық көліктердің санын арттыру қажет
- 17%** Маған бәрібір. Мен өз көлігіммен қатынаймын
- 0%** Өз жауап нұсқаңыз (комментарий)

Elorda.info ақпараттық порталы жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижесі.





БҰҰ-ҚАЗАҚСТАН: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 76-сессиясының төрағасы Абдулла Шахидпен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Абдулла Шахидке ілтипат білдіре отырып, Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ықпалдастықты одан әрі кеңейту жолында оның бұл сапарының маңызды екенін атап өтті.

Президент жаһандық бейбітшілікті, қауіпсіздік және тұрақты дамуды қамтамасыз етудегі дүниежүзілік ұйымның айрықша рөлін атап өтті. Сонымен қатар Абдулла Шахидтің БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы лауазымындағы белсенді қызметін жоғары бағалады.

«БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-сессиясы – барша адамзат үшін ең қажетті шешімдерді ұсыну мақсатымен басшылардың сындарлы жағдайда бас қосуы үшін бірегей мүмкіндік. Біз осы маңызды іс-шараны нәтижелі өткізу үшін Сіздің қосып отырған үлесіңізді құрметтейміз» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде БҰҰ Бас Ассамблеясы 76-сессиясының төрағасы елімізге, Орталық Азияға алғаш рет келгенін айтып, Қазақстан мен БҰҰ арасындағы 30 жылдық кезеңдегі көпжоспарлы әріптестіктің деңгейіне көңілі толғанын жеткізді. Сондай-ақ Қазақстан Президентінің бас-тамасымен елімізде жүзеге асырылып отырған ауқымды реформаларды, Конституцияға өзгерістер енгізу бойынша өткен референдумды жоғары бағалады. Абдулла Шахидтің айтуынша, жүзеге асырылып жатқан реформалар Қазақстанда адам құқықтарының қорғалуы мен азаматтық қоғамның дамуын жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 13-15 қыркүйекте елордамызда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының жетінші съезі өтетініне тоқталып, Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдау көрсететініне алғыс білдірді. Абдулла Шахид Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының жиынын маңызды алаң деп атап, съездің мәртебесін жоғары бағалады. Оның айтуынша, әлем елдерінде көп жағдайда түсінбестік адамдардың наным-сеніміне қарай кемсітуінен туындап жатады. Осы орайда БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы діни көшбасшылардың жетінші съезінде рухани жетекшілердің әлемдік бейбітшілікті насихаттауы басты тақырып болатынына сенім білдірді.

ЗАҢ БҰЗҒАН МОНОПОЛИСТІ ТЕРГЕЙДІ

Премьер-министр Әлихан Смайылов экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізді, онда қант нарығындағы монополияға қарсы күрес іс-шаралары қаралды. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин елімізде қанттың негізгі көлемі Жамбыл және Алматы облыстарында орналасқан төрт зауытта өндірілетінін атап өтті.

Құзырлы орган басшысы елде өндірілген қанттың негізгі көлемін (шамамен 90 пайызын) ірі көтерме жеткізушінің сатып алғанын мәлімдеді. Яғни оның іс-әрекетінен тауарды айналымнан алып қою белгілері байқалып отыр. Соның салдарынан қанттың нарықтық бағасы 700-800 теңгеге дейін көтерілген, ал өндіруші зауыт оны 420-450 теңгеден сатады.

Қант сатуының динамикасын зерттеу барысында әр айдың соңында компанияда елдің жекелеген өңірлерінде сұранысты ішінара қанағаттандыруға мүмкіндік беретін қалдық қордың болғаны анықталды. Осыған байланысты Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі монополияға қарсы заңнаманы бұзу белгілері бойынша тергеу шараларын белгіледі.

Қалыптасқан жағдайды өзгерту үшін нарық субъектілерінің тауар биржасы арқылы қанттың ең аз партияларын (60 тонна) өткізу бөлігінде оларға бақылауды қатаңдату, сондай-ақ импорттаушыларды биржа



арқылы қант өткізуді жүзеге асыруға міндеттеу және өндіруші зауыттар үшін шикізат сатып алуға айналым несиелерін бөлу мәселесін қарау ұсынылды.

Премьер-министр ұсынылған тәсілдерді қолдап, мемлекеттік органдарға бірқатар қосымша тапсырма берді. Үкімет басшысы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне монополияға қарсы заңнаманы бұзу белгілері бойынша компанияға қатысты тергеуді жалғастыруды тапсырды. Қаржылық

мониторинг агенттігіне осы кәсіпорынның қызметін ықтимал бұзушылықтар тұрғысынан егжей-тегжейлі талдау тапсырылды.

Сонымен қатар Премьер-министр Сауда және интеграция министрлігіне Ауыл шаруашылығы министрлігімен және өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, отандық қант зауыттарына шикізат сатып алуға «айналым схемасы» бойынша қаражаттың бір бөлігін жіберу мәселесін пысықтауды тапсырды.

ПАЙДАЛАНЫЛМАСА, МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Бұл – жыл басынан бері мемлекетке қайтарылған ауыл шаруашылығындағы жердің аумағы. Комиссия, бұдан бөлек, пайдаланылмай жатқан 2 млн 94 мың гектар жерге тексеріс жүргізіп жатыр.

Бұл туралы Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярмен болған кезекті комиссия отырысында белгілі болды.

Сондай-ақ комиссия алдағы уақытта пайдаланылмай, бос жатқан 7,45 млн гектар жерге тексеру жұмысын жүргізуді

жоспарлап отыр. Бұл аумақ 2584 субъектіге тиесілі. Оның 585,2 мың гектары егістік алқабы болса, қалғаны – жайылымдық жер.

ЖАҢА КӨЛІКТЕР ҮЛЕСІ – 7 ПАЙЫЗ

Ұлттық статистика агенттігі хабарлағандай, биыл маусымда Қазақстан Республикасында 95801 жеңіл автомобиль есепке қойылды, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,5% аз. 2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 3 млн 907 мың 200 автомобиль тіркелген.



«Шығарылған жылы бойынша жеңіл автомобильдер автопаркінде 20 жыл бұрын шығарылған автомобильдер басым – 48,9%, ал 3-тен 7 жылға дейінгі көліктер 6,8%» деп хабарлады Ұлттық статистика агенттігі.

Жеңіл автомобильдердің басым бөлігі Алматы облысында – 501,5 мың бірлік, Алматы қаласында – 463,7 мың бірлік және Нұр-Сұлтан қаласында – 285,4 мың, жеңіл көліктің ең азы Қызылорда облысында – 97,3 мың бірлік. Жеңіл автокөліктер жанармай ретінде, негізінен, бензинді пайдаланады (86,7%), көлік құралдарының 9,1% аралас отынмен жүреді.

ОҚУШЫЛАРҒА 670 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ

Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов мәлім етті. Қаржы жалпыға міндетті білім беру аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсетуге жұмсалады.

«Бағдарлама бойынша мектепке қажет киім, аяқ киім, кеңсе тауарларын сатып алу мәселесі қарастырылып отыр. Әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан 16700-ден астам балаға осындай материалдық көмек беріледі. Өткен жылдармен салыстырар болсақ, материалдық көмек көрсетілген балалар саны артты. Мәселен, 2020 жылы – 13245 бала, ал 2021 жылы – 14620 оқушы. Әр балаға 40 мың теңгеден бөлеміз. Мысалға, отбасында 4 бала болса, 160 мың теңге беріледі. Осыған дейін әр балаға арналған материалдық көмек көлемін 40 мың теңгеге дейін арттырдық. Материал-

дық көмек өтініш берушінің банк картасына (немесе арнайы шотқа) аударылады. Осылайша өтініш берген ата-ана кез келген дүкенге барып, қажет киім мен оқу құралдарын сатып ала алады. Бұл ретте бөлінген қаражат баланың қажет заттарына ғана жұмсалғанын құжат арқылы (түбіртек, төлем туралы чек) растау қажет» деп түсіндірді қала басшысы.

Материалдық көмек алу үшін балаңыз оқитын мектепке жүгінуіңіз керек. Қазіргі уақытта оқу орындарының әкімшілігі тізім жасап жатыр.

Материалдық көмек мына санаттағы оқушыларға көрсетіледі:

- АӘК алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар;
- АӘК алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз отбасылардан шыққан балалар (37389);

- отбасында тұратын жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

- ТЖ салдарынан шұғыл көмекті қажет ететін отбасылардан шыққан балалар;

- басқа санаттар (өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар).

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


Қытайда Xіаоті компаниясы адамға ұқсас CyberOne роботының прототипін жасады.

«Темір ағай» деген атқа ие болған CyberOne робот-гуманоиды бойынғы ұзындығы – 177 см, салмағы – 52 кг. Тіпті оның Арыстан белгісіндегі жұлдызнамасы да бар. Робот сағатына 3,6 км жылдамдықпен тегіс кеңістікте қадам жасайды. Адамға ұқсас машина әлемді 3D форматта көреді, дыбысты екі микрофоны арқылы естиді, адам дауысымен 45 түрлі көңіл күйді көрсете алады.



Сахара шөлінен 10 млн жыл бұрын өмір сүрген тұщы су плезиозаврларының қазбалары табылды.

Ол кезеңде сулы экожүйе айналыны басып жатқан болатын. Палеонтологтар қалдықтардың шашылып жатқанын, бүкіл қаңқалардың сақталмағанын атап өтті. Бірақ мұндай фрагменттердің өзі зерттеу үшін маңызды және ежелгі тіршілік иелері туралы көп нәрсені түсінуге көмектеседі. Плезиозаврлар салыстырмалы түрде кішкентай болды, бұл оларға таяз өзенде аң аулауға мүмкіндік берді.



Биыл Катарда өтетін әлем чемпионаты қарсаңында қалада 40-тан астам жаңа қоғамдық өнер туындылары пайда болады.

Доһаның қоғамдық кеңістігінде және айналасында Джекф Кунның полихромды тот баспайтын болаттан жасалған доғонь мүсіні, ғасырлар бойы түбектің жағалау суларында мекендеген сүтқоректі, жапон суретшісі Яйои Кусаманың «Менің жаным мәңгі гүлдейді», «Жүрегім туралы көп нәрсені айта алатын гүл» және «Билейтін асқабақ» сияқты мүсіндер мен инсталляциялар орнатылады.

ЕЛОРДА БЮДЖЕТИ НАҚТЫЛАНДЫ

Өзгертулерді ескерген кездегі елорданың биылғы нақтыланған бюджеті 867 млрд 234 млн теңге болды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Манқараев баяндады.



Басқарма басшысының дерегіне, енгізілген өзгертулерді ескерген кездегі елорданың нақтыланған бюджетінің ішінде жергілікті кіріс түсімі – 534 млрд 862 млн теңге, республикалық бюджеттен трансферт түріндегі түсім – 236 млрд 927 млн теңге, займ түсімдері – 32 млрд 167 млн теңге, сонымен қатар қалдық қаражат 63 млрд 277 млн теңге мөлшерінде болады.

– Іс жүзіндегі түсімге жүргізілген сараптамаға сәйкес, жергілікті кіріске қатысты жоспарды болжаммен 50 млрд теңгеге арттыра отырып, 534,8 млрд теңгеге жеткізу ұсынылады. Оның ішінде салық түсімдері – 40 млрд теңгеге, салық емес түсімдер – 4,8 млрд теңгеге, ал негізгі капиталды сатудан түсетін түсім 5,2 млрд теңгеге артық болады, – деді Қайсар Манқараев қалалық мәслихаттың қоғамдық кеңесі отырысында.

СУҒА ҚАЙ ЖЕРДЕ ТҮСУ ҚАУІПСІЗ?

Елордада суға шомылуға рұқсат етілмеген 21 орын анықталды. Бұл туралы «Суға шомылу маусымындағы қауіпсіздік» тақырыбында өткен брифингте Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Ратбек Демейбергенов мәлім етті.

Биыл Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысымен шомылуға Орталық қалалық жағажай, «Три пескаря» және «Астаналық аула» демалыс аймақтарында ғана рұқсат етілді.

Қалалық мәслихат шешімімен суға шомылуға рұқсат етілмеген 21 орын белгіленді. Барлық рұқсат етілмеген

учаскелерде тыйым салу және ескерту белгілері мен ақпараттық стендтер орнатылды. Күн сайын елорданың су айдындарының қауіпті учаскелеріне ТЖ департаменті, Ұлттық ұлан қызметкерлері патрульге шығады. Олар халыққа судағы қауіпсіздік қағидаларын сақтау бойынша үгіт-насихат

жұмысын өткізіп тұрады.

Бүгінгі таңда департамент қызметкерлері 20 мыңнан астам жадына мен парақша таратты. Рейдтік іс-шаралар барысында Полиция департаменті 189 әкімшілік хаттама толтырды. Оның ішінде 28-і 364-бап бойынша, яғни ортақ су пайдалану ережелерін бұзу және 161-і 440-бап бойынша, яки қоғамдық орындарда спирттік ішімдіктерді ішумен байланысты болды. Суға шомылу кезеңі басталғалы бері құтқарушылар тыйым салынған орындарда суға шомылған 6 адамды суға батып кетуден құтқарды.

КӨМІР БАҒАСЫ ҚАНША?

Қалада сатылып жатқан көмірдің ең арзанының 1 тоннасын қазіргі уақытта 10 мың теңгеден алуға болады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» – iKOMEK109 мәлімет берді.

Бұл бағадағы көмір Павлодар облысының аумағындағы «Богатырь» көмір кенішіне тиесілі. Сонымен қатар осы облыстың аумағына кіретін Баянауыл ауданындағы «Майкөбе» кенішінің қоңыр көмірінің бір тоннасы сапасына қарай 11000 теңгеден

басталып, 12500 теңгеге дейін саудаланып жатыр. Қарағанды көмірінің де бағасы 12500 теңге төңірегінде болса, Абай облысының Абай ауданында орналасқан «Қаражыра» кенішінің көмірін 13500-14000 теңгеден алуға мүмкіндік бар. Елордадағы ең қымбат



көмір «Шұбаркөл» кенішінде сатылады. Бұл кеніштегі көмірдің бір тоннасын 13500-15500 теңге аралығында сатып алуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының және қалалық мәслихаттың жетінші сайланымы депутаттарының назарына!

2022 жылғы 17 тамызда сағат 10.00-де Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жетінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы №114/16-VII «Нұр-Сұлтан қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы.

3. Нұр-Сұлтан қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы.

4. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жетінші сайланымының тұрақты комиссияларының құрамын сайлау

туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы №4/1-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

5. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы.

6. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

7. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №130/18-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

8. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Ипотекалық тұрғын үй

қарызын (ипотекалық қарызды) қайта қаржыландырудан бас тартылған қарыз алушылардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 25 мамырдағы №187/25-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

9. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының «Тұрғын үй ғимараттарын және құрылыстарын апаттық деп тану мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамы туралы» 2022 жылғы 25 мамырдағы №186/25-VII шешімінің күшін жою туралы.

Анықтама телефондары: 55-66-36, 55-66-35.

А. ТАБУЛДИНА,
Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихаты хатшысының м. а.

Археологтар Солтүстік Иракта Тигр өзенінің жағасында орналасқан Мосул су қоймасының түбінен 3,4 мың жылдық тарихы бар қола дәуірінің қаласын тапты.

Бұл 20 жыл бойы жүргізілген қазба жұмысынан кейін табылған қала Митани мемлекеті болған кезде салынған. Зерттеушілердің айтуынша, табылған елді мекен, болжам бойынша, ежелгі Закику қаласы. Қаланың қабырғалары шикі кірпіштен тұрғызылып, 40 жылдан астам су астында қалғанмен, жақсы сақталған.



Зерттеушілер қазба жұмыстары нәтижесінде Каирге жақын Саккара қорымынан көптеген артефактілер тапты.

Б.д.д. 500 жылға жататын мумиялары бар 250 саркофаг және ежелгі Египет құдайларының, соның ішінде Исиды мен Нефтистің 150-ге жуық мүсіні табылды. Саккара қазіргі Үлкен Каир аумағындағы Мемфис қаласын басқарған египеттік әулеттердің жерлеу орны болды. Қорым аумағында ең көне пирамидалар, оның ішінде жасы 4,7 мың жыл болатын Джосер пирамидасы сақталған.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Бас қалада ерекше қажеттілігі бар балаларға көмек беріледі. Ал олардың аналарына қандай жәрдем бар?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Қаламызда осы аптада ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін «Бақытты шаңырақ» орталығы (Р.Қошқарбаев даңғылы, 60) ашылды. Бұл – есеп бойынша осымен төртінші орталық. Оның ерекшелігі – ерекше қажеттілігі бар балаларға ғана емес, олардың аналарына да қажет көмек көрсетіледі. Мұнда ерекше балалардың аналарына қайта білім алу, біліктілігін арттыру курсынан өту, жұмысқа орналасу бойынша жәрдем беріледі. Сол сияқты психологиялық көмек көрсетіледі. «Бақытты шаңырақ» орталығы

ерекше қажеттілігі бар 600-ден астам баланы қамтиды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ерекше қажеттілігі бар балаларға жан-жақты жағдай жасау мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Соңғы жылдары оңалту орталықтарының желісі айтарлықтай артты. Осылайша 15-тен астам орталық ашылды, олар 4 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі баланы қамтиды. Оңалту мен көмек көрсету орталықтары ерекше балалардың ата-аналары үшін ауадай қажет. Себебі мұндай орталықтар баланың денсаулығын жақсартуға және оларды әлеуметтендіруге көмектеседі.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Дәурен ЖАЛҒАСБАЕВ, елорда тұрғыны:

– Елордада жаңбырлы күні ағаш суарған бейнежазба әлеуметтік желіге тарайды. Осыған орай, жаңбыр жауған кезде неліктен ағаштар суарылып жатқанын білсек деп едік.

Оқырман сауалына «Астана Зеленстрой» ЖШС бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Гүлнар СЫЗДЫҚОВА жауап береді:

– «Астана-Зеленстрой» ЖШС ағаштардың тамырына минералды тыңайтқыштар жіберу жұмысын

жүргізіп жатыр. Бұл процедура тек бұлтты және жаңбырлы күні ғана жасалады. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін минералды кешенді тыңайтқыштар ылғалды топыраққа қолданылады. Тыңайтқыш суда ериді және суару көліктерінен шашылады.

АСТАНА АУДАНЫ

Елорданың Байқоңыр ауданындағы Ататүрік саябағында ерекше сәндік жарықтандыру жүйесі қайта құрылды.

Ол – ротонда, яғни шеңбер күрке жарығы. Оның төбесі жарқыраған элементтермен безендірілген, сондай-ақ, жағалау бойындағы демалыс орындарына жарықтандыру құрылғылары орнатылды. Қала тұрғындары көп серуендейтін орындар саябақтар мен жағалау маңы болғандықтан, аталған аумақтардың сәнді келбеті де аса маңызды саналады. Сәнді болуымен қатар, тұрғындардың жайлылығы үшін жарықтандыру элементтерінің көп болғаны абзал. Осы орайда, елордада Қабанбай батыр көшесі мен Ж.Тәшенев көшелері аралығында, көпірдің оң жағында, Есіл өзенін жағалай орналасқан аталған сая-



бақтағы жаңартылған ротонды жарығы әрі сәндік көрініс беріп, әрі тұрғындардың кешкі серуені кезінде де таптырмас орын болмақ.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

	12.08.2022			
	Астаналық базар	«Темір» базары	«Шығары» базары	«Шарқан» базары
Бірінші сортты бидай ұны	315	510	250	240
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	90	100	126
Макарон өнімдері	350	227	410	390
Қарақұмық жармасы	500	520	575	620
Тазартылған күріш	460	270	445	430
Картоп	165	194	180	180
Сәбіз	200	209	250	220
Пияз	200	270	230	200
Қырыққабат	140	105	160	120
Қант	320	650	320	620
Күнбағыс майы	1100	780	1020	850
Сыыр еті	2750	2600	2150	2600
Тауық еті	1470	1500	1300	1350
Пастерленген сүт	320	303	295	310
Айран	340	305	310	350
Сары май	360	773	3000	1000
Тауық жұмыртқасы	1350	1575	375	1300
Ас тұзы	80	70	80	70
Сүзбе	970	280	1185	1000



ЕЛОРДА – ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ҚАЛАСЫ

Тамыздың екінші жексенбісі – құрылысшылар күні. Есiлдiң екi жағалауында бой көтерген зәуiлiм биiк үйлер мен ғажайып ғимараттарда олардың әрқайсысының қолтаңбасы бар. Осындағы барлық маңызды нысандар: мемлекеттік-үкiметтік ғимараттар мен әлеуметтік орындар, спорт және тұрғын үй кешендерi, сауда орталықтары – бәрi-бәрi құрыш қолды құрылысшылардың құшiмдерi тұрғызылғаны ақиқат. Демек, елорда дамуында осы бір ауыр да абыройлы мамандық иелерiнiң еңбегi өлшеусiз.

Құрылысшыларға құрмет көрсету сонау кеңестер одағы кезеңiнен басталды. Содан берi бұл мереке маңызын жоймай келедi. Өйткенi құрылысшы қай кезде де аса қажеттi, ауыр да абыройлы, қастерлi мамандық саналды. Әлi де солай. Кез келген елдiң экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тiкелей байланысты екенiн ескерсек, бұл ретте құрылысшылар қауымы уақыт мүддесiнен шығатын сапалы нысандардың бой көтеруiне белсене атсалысып, тәуелсiз елдiң ертеңi үшiн аянбай еңбек етiп келедi.

Иә, елiмiздiң бас қаласын тұрғызып, жыл сайын қаншама отбасының баспаналы болуына, өскелең ұрпақ өкiлдерiнiң заманауи жайлы мектептерде оқып, бiлiм алуына, сан мың сырқаттың әлемдiк деңгейдегi керемет клиникаларда емделуiне мүмкiндiк туғызған да солар – құрылысшылар. Нәтижесiнде астана алып құрылыс алаңына айналды. Бұл жерде «Пирамида», «Хан Шатыр», «Қазмұнайгаз», «Ақ орда», «Нұрсая», «Изумрудный», «Тәуелсiздiк сарайы», «Астана-Бәйтерек» монументi секiлдi заман талабына сай зәуiлiм ғимараттар жарыса бой көтерiп, қала ажарын аша түстi. Елбасының тiкелей басшылығымен әлемнiң мықты сәулетшiлерi Кисе Курокава, Норман Фостер отандық танымал сәулетшiлерiмен бiрлесе отырып, шығыстың рухани шынары мен батыстың байыпты мәдениетiн ұштастыра бас шаһарды көркейтуге атсалысты.

Мемлекет басшысының қолдауымен тәуелсiздiк алған жылдарда елiмiзде 169 млн шаршы метр жаңа тұрғын үй салынды.

Нәтижесiнде 1,5 млн адам тұрғын үй жағдайын жақсартты. Отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндiрiс орындары көбейдi. Саланың ерекше қарқын алуына «V1 Group», «Базис А», «Құлагер», «Альянс строй», «Найза-құрылыс», «Шар-құрылыс», «Элит-строй» және т.б. тiзе берсек таусылмайтын басқа да құрылыс компанияларының үлесi мол. Осы кәсiпорындарда уақытпен санаспай еңбек етiп жүрген майталман мамандар жетерлiк.

Қазiргi таңда аталмыш салада 46 476 кәсiпорын, оның iшiнде құрылыс материалдары өндiрiсiнде 2 420 кәсiпорын жұмыс iстейдi. Жұмыспен қамтылғандар

саны – 641 мың қызметкер мен мамандар. Олар миллиондаған шаршы метр тұрғын үй, мыңдаған шақырым жол салып, тәуелсiз Қазақстанды жер жүзiне танытып, еңсесi биiк ел болуымызға аянбай атсалысып келедi.

Тұрғын үй құрылысының бас қалада да қарқынды жүргiзiлiп жатқанын мына сандардан анық аңғаруға болады. Қала әкiмi Алтай Көлгiновтың мәлiмдеуiнше, 2019 жылы елордада 1 млн шаршы метр тұрғын үй салынса, 2020 жылы – 3 млн шаршы метр, бытыр 3 млн 270 мың шаршы метр тұрғын үй тұрғызылды. Демек, соңғы үш жыл iшiнде шамамен 8 миллион шаршы метр баспана бой

көтердi. Әрине, бұл өте үлкен жетiстiк.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен елордада қолжетiмдi тұрғын үй құрылысы көлемi 5 есе көбейтiлдi. Мәселен, 2018 жылы – 1100 пәтер, 2019 жылы – 2900 пәтер, 2020 жылы – 7000 пәтер, 2021 жылы шамамен 10000 пәтер пайдалануға берiлдi. Мамандардың айтуынша, биыл бұл көрсеткiш 10 мыңға жетедi. Келесi жылы да осындай көлемде пәтерлер салу жоспарланып отыр.

Қолжетiмдi тұрғын үй құрылысының көлемiн ұлғайтумен қатар, қалада тұрғын үй бағдарламаларын жетiлдiру бойынша да жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Бағдарламаға қатысушылар санаты едәуiр кеңейiп, тұрғын үй сертификаттарының мөлшерi 1 млн теңгеден 1,5 млн теңгеге дейiн ұлғайтылды.

Елордада құрылысы ұзаққа созылған нысандардың жұмысын аяқтау бойынша жүйелi жұмыстар жүргiзiлiп жатыр. 16 мың үлескер отбасының 13 мыңынның проблемасы шешiлдi. 90 проблемалық көппәтерлi тұрғын үй кешенiнiң құрылысы аяқталды.

Соңғы жылдары елорда тұрғындарының саны едәуiр артты. Бұл өз кезегiнде балабақшалар мен мектептерге сұраныстың жоғарылауына алып келгенi белгiлi. Қала басшысының айтуынша, кейiнгi үш жыл iшiнде елордада 34 мектеп салынды. Нұр-Сұлтан қаласында 2020 жылы – 11 мектеп, 2021 жылы – 16 мектеп бой көтердi. Бұған дейiн сегiз үш ауысымды мектеп болса, қазiр олардың саны төртке дейiн төмендедi. Биыл 20 мыңнан астам оқушы орны ашылып, тағы 11 мектеп салынады. Өткен жылы елордада бюджет есебiнен 6 мектеп, мемлекеттік-жекешелiк әрiптестiк есебiнен 4 мектеп және 6 жекеменшiк мектеп салынды.

Бүгiнде қала аумағы үш есеге кеңейiп, елорда өмiр сүруге және бизнес жүргiзуге ыңғайлы, серпiндi, тартымды мегаполиске айналды. Жыл сайын қаланың инфрақұрылымы жетiлдiрiлуде және технологиялық жағынан күрделi жаңа объектiлер пайда болып жатыр. Елорда әкiмдiгiнiң араласуымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобалардың бәрiнде елордалық құрылыс компаниялары мен қатардағы қарапайым құрылысшылардың үлесi мол. Олардың еңбегi тек мақтау мен құрметке лайық.

СЫЛАҚШЫ СҰЛУ

Қоғам дамыған сайын құрылысшы мамандығына сұраныс артып келедi. Бұрындары бұл аса ауыр, жауапкершiлiгi жоғары, тек ер азаматтарға арналған мамандық саналатын. Дегенмен, нәзiк жаратылыс иелерi бүгiнде бұл саланы да меңгерiп алды. Ерлерден қалыспай сылау, сырлау, әрлеу, әктеу, желiмдеу секiлдi кез келген жұмысты дөңгелетiп жүрген қыздар жетерлiк. Солардың бiрi – «Студия ремонта» ЖШС-нiң сылақшысы Жанат Хакимова.

Құрылыс саласында еңбек етiп жүрген сәулетшi, жобалаушы, инженер, тасқалаушы, сылақшы сияқты тағы басқа көптеген кәсiп иелерiнiң әрқайсысы экономикамыздың дамуына, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына айрықша үлес қосып келедi. Нысандарды тұрғызуда кiрiпштерiн қалап, төбесiн жауып, еденiн төсеумен iс бiтпейтiнi белгiлi. Бұл ретте iшкi, сыртқы әрлеу жұмыстарын сапалы жүргiзiп, ғимаратты әсемдеуге де көп көңiл бөлiнедi. Бiр қызығы, бұл жұмыстар бiр адамның атсалысуымен бiте салмайды, оларды бiрнеше кәсiп иесi бiрлесiп атқарады. Оларды бiрiнен-бiрiн ажыратып қарау мүмкiн емес. Әрқайсысының өз мiндетi бар. Сылақшы-әрлеушi Жанат Мұратқызы сол мiндеттердiң бiрнешеуiн қатар абыроймен атқарып жүр. Тапсырылған жұмысты уақытылы орындап, әр iстi жан-тәнiмен берiле орындайды.

Астанаға көшiп келген жылдары алдымен аз уақыт асханада жұмыс iстеп, қоғамдық тамақтандыру саласының қыр-сырын меңгерген ол көп ұзамай құрбыларымен құрылыс алаңына шығады. Бүгiнде Жанат Мұратқызы – өз iсiнiң хас шеберi.

– Мұнда, әрине жұмыс жеңiл деуге болмайды. Бiрақ, ақшасы асханаға қарағанда жақсырақ. Сол үшiн осы саланы таңдадым. Әрине ешкiм анадан бәрiн бiлiп тумайды, бұл өнер де маған тәжiрибемнен келдi. Көре келе, iс жүзiнде қайта-қайта iстей бергеннен қолым жаттықты, ақыры үйрендiм. Бүгiнде осы салаға әбден машықта-

нып алдым, – дедi Жанат Хакимова. Жанат Мұратқызының құрылыста жүргенiне жиырма жылдан асып барады. Алғашында сылақшы, әрлеушi болып жұмыс iстеген ол уақыт өте келе, осы саладағы қосалқы жұмыстардың барлығын меңгерiп алды. Бүгiнде бесаспап маман. Қолынан бәрi келедi. Сылау, әрлеу деген ол үшiн түк емес. Тұсқағаздарды да өзi жапсырады, керек болса еденге паркет төсеуден де алдына жан салмайды. Оның қолы тиген жердi кейiн қандай тексерiс келiп шұқшиса да, мiн таппайды. Атқарған жұмысы қыздың жiгiн жүгiндей, тап-тұйнақтай. Тапсырыс берушiлердiң оны кейiн қайта iздеп жүрiп алдыратыны да бекерден-бекер емес.

«Кез келген iске жауапкершiлiкпен қарау керек. Сылақшы болу оңай емес. Ол асқан шеберлiктi, дәлдікті талап етедi. Оның бәрiн уақыт өте келе түсiндi. Тұрғызылған қабырғалардың қисық жерлерiн тегiстеп, құрылысшыдан қалған кем-кетiктi түзетемiз. Бұл шымдамдық пен төзiмдiлiктi, ептiлiктi қажет ететiн мамандық. Соның бәрiн мұлт жiбермеуге, тапсырыс берушiнiң барлық талаптарын орындауға тырысамын. Жұмыс аяқталып, тапсырыс берушiнiң қуанғанын көргенде, бұл салада текке жүрмеген екенiм деп ойлаймын» дедi сылақшы сұлу.

Сәнi мен сәулетi артып, сондайдан ерекше көз тартатын елорданың дамуында өзiнiң үлесi барын Жанат Мұратқызы мақтан тұтады. Әлi де талайлар қолым жаттықты, ақыры тапсырыс берушiнiң талабына қанағаттандыратынына сенiмi мол.



Беттi дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЫ КІМГЕ ҰНАМАЙДЫ?

О дүние бір керуен жол кешкен әрі, Бірі ерте, енді бірі кеш барады. Кетесің не қалдырып артыңа сен, Ел ертең кім еді деп еске алады.

(Есенғали РАУШАНОВ)

«Бейбіт күннің батыры» деген атақты мен беріп отырған жоқпын, оны айтқан – аты аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлы. Жұмабек Тәшенев бірде Сарыағаш шипажайына келе қалады. Сонда дем алып жатқан, соғыс көрген батыр Баукең ширақ қимылдап, орнынан ұшып тұрып: «Бейбіт күннің батырына сәлем» деп құрмет көрсетіпті. Сонда Жұмекең «батыр сізсіз, Бауке» депті. Бауыржан Момышұлы: «Соғыста әркім-ақ ерлік жасай алады, ал бейбіт өмірде ерлік көрсету – нағыз ердің ісі» деген екен («Егемен Қазақстан», 30.10.2015 ж.).

Ата-бабамыз «халық айтса, қалт айтпайды» деген. Менде Тәшенев туралы біраз адамның ой-пікірі бар. Соны сараптап қарап отырсам, басым көпшілігі Қазақстанды бөлшектеуден аман алып қалғандығын әртүрлі мысалмен келтіреді. Ал ол кісі туралы Мәскеудің, Алматының мұрағатында болмауы мүмкін. Ол кезде «қара тізім» деген болыпты. Ол тізімге енгендер туралы құжаттарды құртып жіберуге дейін барып деседі. Хрущевтің беделін түсірмеу үшін сол жағдай туралы құжат жасалмауы мүмкін, жасалса құртып жіберуі мүмкін. Ал біздің Орталық Комитет «Хрущевтің айтқанын орындамадың» деп жұмыстан босатпайды ғой. Жоғарыдан тапсырма берілді, бір себептер тауып жұмыстан босатыңдар деп. Осы меңдегі газеттің бірінде бар, ол кісіні босатуды жабық бюрода қарапты деген. Сол кезде Жұмекеңмен әріптес болған Д.Қонаевқа қалай сенбейміз?! Ақын, ұлт жанашыры Мұхтар Шаханов ширек ғасыр Қазақстанды басқарған Д.Қонаевтан «...тың өлкесін Ресейге қосудан аман алып қалған Жұмабек Тәшенев дейді. Сол рас па?» деп сұрағанда, Димекең: «Иә. Ол кезде Тәшенев Қазақ ССР-і Үкіметінің төрағасы болатын» деп қысқа жауап береді («Жалын», №2, 2008 ж.). Таяуда ғана дүниеден өткен қарт жазушымыз Ә.Нұрпейісов Қонаевтың амалсыздан келісім бергендігі туралы ол кісінің сөзін келтіреді: «Хрущев меня к стене так прижал, мне ничего не осталось – дал согласия». Осы сөзді Тәшеневке айтқаннан кейін Жұмекеңнің батылдығына риза болып Димекең «Жол-

барыстай жүректісің-ау, Жұмабек!» депті («Ана тілі», 9.10.2019 ж.).

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Негимов бұрынғы Қазақстанның Үкіметін басқарған Сәлкен Дәуленовтің Жұмабек туралы тың өлкесінің мән-жайын айта бастап, Тәшеневтің де жаны күйіп, отқа түскен көбелектей шырылдайды дей келіп, Махмет Темірұлының «аждаһаны ауыздықтаған баһадүр» Жұмабек Тәшенев дейтін дастанынан мынадай үзінді келтіреді: «...Жаралған алып батыр, ердің ері,

Қазақтың асыл туған кемеңгері.

Зар жылап қалар еді қазақ елі...»

(«Астана ақшамы», 27.03.2018 ж.)

Ендігі сөзді белгілі журналист Амантай Қәкенге берейін. Бұл кісі Жұмабек Тәшеневтің халқына жасаған жақсылығын айта келіп, зия-

лы қауымның Жұмекеңе арнаған ойларын келтіреді. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Ермұқановтың «...в начале 60-х годов возникла серьезная угроза территориальному единству республики, когда Хрущев попытался через так называемый Целинный край, отторгнуть казахские земли, подчинив непосредственно центру. К счастью, нашелся мужественный руководитель – Ж.Тәшенев, который решительно выступил против предложения Хрущева». Қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтің: «Біз ЦК емеспіз, біреуді орнынан алып, бір орынға қоя алмаймыз... Менің жүрегімнің төрінен орын алатын, менің ер інім, еркек інім Жұмабектің қадамы құтты болсын» деген.

Тәуелсіздік сарайында Жұмабек Тәшеневтің 100 жылдық мерейтойына арналған жиында академик Мырзатай Жолдасбеков сөз сөйлеп, қайраткердің есімін ұрпақ жадында кеңінен жаңғырту үшін жасалып жатқан жұмыстардың көңіл көншітпейтінін айтты. «... Оның өз ұлтына жасаған қамқорлығы ұшан-теңіз. Сондықтан Жұмабек Тәшеневтің еңселі ескерткішін орнатып, атына әр облыс орталығынан бір-бір көше, мектеп, тіпті бір қаланың атауын берсек те артық етпес еді» деді М.Жолдасбеков («Астана ақшамы», 28.02.2015 ж.). Мырзакеңнің ойына қосыла отырып, айтарым бұл мәселені бұдан ерте көтергенмін. Бес облыста 60-70 аудан бар, соның біреуіне Жұмекеңнің есімін беруге болады ғой. Оған өзі туып өскен Аршалы ауданы сұранып тұр. Аршалы деген тарихи есім емес. Вишневадан құтылу үшін соңғы жылдары қойылған есім. Менің білуімше, арша – ағаштың аты. Солтүстік пен батыс облыстарды қарасаң, Ақтөбеде – Байғанин, Қостанайда – Бейімбет Майлин, Солтүстік Қазақстанда – Мағжан Жұмабаев, Ғабит Мүсірепов, Жамбыл Жабаев, Шал ақын, Қарағанды облысында – Әлихан Бөкейханов, т. б. аудандарға зиялы қауымның есімдері берілген. Ақмола облысында бірде-бір ауданға белгілі қайраткердің есімі берілген жоқ. Кеңес Одағы тұсында Лениннен бастап К.Черненкоға дейін тірі кезінде, кейбіреуі о дүниелік болғаннан кейін Ресейдің ірі қалаларына өз аттарын қойып алды ғой.

Қазақстан компартиясының бұрын бірінші хатшысы И.Юсуповтың мынадай сөзі бар: «Егер

қазақ біреудің алдында борыштар болса, ол алдымен Ж.Тәшеневтің алдында борыштар». Осы мақалада ақын Жарасбай Нұрқановтың бір өлеңінен бір ауыз келтірейін: «...Сарыарқа сағым ойнап құба белі, Тағдыры қыл үстінде тұрған еді.

Бір өзі кеудесімен қорғап қалған,

Қазақтың жүрек жұтқан Жұмабегі...»

(«Ақкөл өмірі», 12.05.2017 ж.)

Жұмекең туралы белгілі жазушы, филолог ғалым Әди Шәріпов былай дейді: «...Баяғы заманда Бөгенбай, Қабанбай, Кене-сары, Наурызбай сияқты батыр бабаларымыз қан төгіп, сыртқы жаумен соғысып, аман сақтап қалған қазақ халқының атамекенін Ресейге беріп жіберуге қарсы болған жалғыз адам – Жұмабек Тәшенев («Егемен Қазақстан», 09.07.2015 ж.).

Халық перзентінің кісілігі, қайраткерлігі жөніндегі «жігіттің арланы» (Нұрмолда Алдабергенов), «Кісендеулі дала жолбарысы» (А.Кәрішәл), «Халықтың қайсар перзенті» (С.Нұрмағамбетов), т. б. дейтін түйінді ой-молшалар оның асқақ тұлғасын жарқырата түседі («Қаһарман», 27.03.2018 ж.). Белгілі ақын Несіпбек Айтұлының Тәшенев туралы жазған поэмасы шындыққа негізделген.

«Егемен Қазақстан» газетінің 20.05.2022 ж. «Ерді сыйлар ел қайда?» мақаласында Жолдыбай Базарұлы Қонаевқа Қапшағай қаласы беріліп жатса, Тәшеневке де бір қаланың есімі берілсе, қазақтың рухы биіктей түсер еді дейді.

Біраз жылдан бері Жұмекең туралы жинап жүрген материалдарымнан біраз үзінді келтірдім, әлі де біразы қалып қойды. Бір мақаланың ауқымына сыймайтын болды. Д.Қонаев, И.Юсупов, Ә.Нұрпейісов, т. б. зиялыларымызға сенетін шығармалар, оны жазған тілшілер де көктен алған жоқ шығар деп ойлаймын. Ата-бабамыз ертеден айтып келеді: «Болар елдің баласы бір-бірі батыр дейді» демекші, біз «Жаңа Қазақстан» құратын елдің азаматымыз. Сондықтан ұсақ-түйекшіл болмай, Жұмабек Тәшенев сияқты бейбіт күннің батырларына тарихтан өздеріне лайық орындарын бергеніміз жөн болар еді. Ол о дүниелік болған ағамызға керек емес, ол бізге жасөспірімдерді патриотизмге, отансүйіштікке тәрбиелеу үшін қажет. Әлі де біздің кең байтақ жерімізге көз алартып отырғандар бар. Осы еліміздің тұтастығын сақтау бәріміздің парызымыз.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, елордалық Ардагерлер кеңесі медиа тобының мүшесі

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты және қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен «Абай поэзиясы және ұлттық поэтологиялық кеңістік» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

АБАЙ МҰРАСЫН ЗЕРДЕЛЕДІ



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Конференцияның басты мақсаты – Абайдың мұрасын зерттеу жұмысымен айналысатын абайтану орталықтары мен институттарының басын қосып, ақын мұрасына қатысты тың зерттеу жұмысын жасау, абайтанушы ғалымдардың соны еңбектерімен танысу. Абай мұрасын жаңаша пайыммен тануға бағдар беріп, ұлы ақын шығармашылығының еліміздің рухани даму тетіктерінің біріне айналып, абайтану саласында жаңа ізденістер жасауға жас ғалымдарды баулу.

Конференция модераторы «Абай академиясы» ҒЗИ директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жаңдос Әубәкір шараға қатысушы қонақтарға алғысын білдіріп, академия қызметкерлерін және конференцияға қатысушы ғалымдарды, еліміздің Абайтану орталықтарының басшыларын Абай күнімен құттықтады.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры, академик Дихан Қамзабекұлы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Еспенбетов, Абай атындағы Қаз ҰПУ «Хакім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Жабал Шойынбет, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Абайтану және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Пангерей, С.Аманжолов атындағы ШҚУ «Абайтану» ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Айжан Картаева және Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Абай

академиясы» институтының басшысы, филология ғылымдарының кандидаты Әділбек Әміренов абайтанудағы өзекті мәселелерді сөз етті.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Негимов «Абайдың көркемдік философиясы», М.Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әлемдік әдебиет және халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор С.Ананьева «Художественный перевод как искусство: Абай на языках народов мира», Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Ж.Аймұхамбет «Абай өлеңдеріндегі метафоралар тезаурусы», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ тілі білімі кафедрасының профессоры м.а., филология ғылымдарының докторы О.Жұбай «Абай тұжырымдарының Алаш зиялыларының тилтанымдық зерттеулеріне ықпалы», филология ғылымдарының кандидаты, Астана халықаралық университетінің доценті А.Сейсененова «Абайдың көркемдік танымындағы жанның тілегі», Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тілі білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты. Қ.Саркенова «Абай шығармаларындағы «жүрек» сөзінің тезаурусы», Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, PhD Ж.Кәріпбаев «Абай мұрасының басқа тілдерге аударылуының тарихи ракурсы», Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, PhD А.Мырзахмет «Абай өлеңдеріндегі архетип бейнелер және көркем шығармашылықтағы «түпсана» тақырыптарында баяндама жасады.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ МА?



Қазіргі таңда қоғамды алаңдатқан мәселенің бірі – қымбатшылық. Әсіресе азық-түлік бағасының негізсіз шарықтауынан тұрмыстың құты қашатыны анық. Осы орайда Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңес мүшелері ірі және шағын сауда орындарында азық-түлік өнімдерінің бағасын бақылау мақсатында мониторинг жұмысын жүргізді.

Мониторингтік топтың құрамында Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зұлпықар Ғайыпов, Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесі төрағасының орынбасары Зейнулла Шибкенов, Бюджет, экономика және қаржы мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы Бауыржан Смаилов, Қоғамдық кеңес мүшелері Анатолий Лян, Асхат Налшыбек, Төлеген Күнәліұлы бар.

Тексеріс кезінде бақылаушылар «Ақтол» сауда үйі ЖШС пен «Аян», «Magnum» сауда желілерін аралады. Қоғамдық кеңес мүшелері қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасымен бірлесіп, ең алдымен, «Аян» сауда желісіне барды. Мұнда қант, қарақұмық, тауық еті, жұмыртқа тұрақты бағада. Одан кейін «Ақтол» сауда үйі мен «Magnum» сауда желісіндегі бағалармен танысты. Жасыратыны жоқ, мониторинг кезінде

кейбір дүкендерде қант көрінбеді. Кейін комиссия мүшелері келе салысымен ғана арба толы қантты сөрелерге қоя бастады. Кейбір дүкендерде қант 320 тг болса, енді біреуінде 470 теңгеге сатылды.

Дүкен әкімшілігі өкілдері жеткізушілерде өнім көлемі жеткіліксіз екенін айтады. «Magnum» сауда желісі бөлімшесінің директоры Сәуле Есілбаева әлеуметтік маңызы бар тауарлардың, оның ішінде қанттың қалада жеткілікті екенін жеткізді.

«Сатып алушылардың өздері шу шығарады. Біз сағат 9.00-де қантты дүкен сөрелеріне қоямыз. Жетпей қалғандары кейін наразы болып, таласады. Яғни бізде қант жетіспеушілігі жоқ. Мысалы, кеше 10 тонна қант әкелінді. Шыны керек, қант тұрған жерге халықтың жартысы жиналып, айғай шығарады. Адам басына 2 келден қант береміз. Бірақ көпшілік отбасыларымен қайта

келіп, тағы да қантты алып жатады» деді С.Есілбаева.

Сауда нысандарына мониторинг жұмысы барысында сауда желісі бөлімшесінің директорына бір сатып алушы өзінің наразылығын білдірді.

«Қантты неге белгілі бір уақытта сатылып жатқандығынан хабар бермейсіздер? Қалаған уақытта сата береді екенсіздер. Біз оған кейде үлгереміз,

кейде білмей де қаламыз. Осындай тексеріс болғанда ғана қантты қойып жатырсыздар» деді ол.

Кей тауарлардың бағасы аз да болса төмендеген. Мәселен, «Magnum»-да «Родина» айраны 307 теңгеден, сары май 3485 теңгеден сатылуда. Ал келісімшарт негізіндегі бағалары – 355 және 3965 теңге. «Аян» дүкенінде қарақұмық 556 теңгеден сатылу керек болса, біз барғанда бағасы 500 теңгеден сөреге қойылған.

Бірқатар дүкендерді аралағаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің Бюджет,

экономика және қаржы мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы Бауыржан Смаилов дүкендегі бағалардың көпшілігі тұрақты екенін айтты.

«Қала бюджетінен ірі сауда орталықтарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында жеңілдетілген несие беріледі. Бүгінгі мониторингтің негізгі мақсаты – дүкендердегі азық-түлік тауарларының бағасы келісімшартта белгіленген бағамен сәйкес келетініне көз жеткізу. Жалпы шартты міндеттеме бойынша баға дұрыс.

Тек екі-үш жерде бағаның өскенін байқадым. Мәселен, «Magnum» сауда желісінде 1300 теңгелік тауық еті 1565 теңгеден сатылып жатыр. Сондай-ақ «Ақтол» дүкенінде «Родина» сүті 240 теңгеден сатылу керек болса, қазір 300 теңгеден сатылуда. Осындай келіспеушіліктерді анықтадық. Сонымен қатар қантқа қатысты артық шу шығарылып жатқанын айта кету керек. Өндірушілермен келісімшарт жасалған, дүкендерге қант жеткізіліп жатыр. Бәлкім, тосап жасау маусымы болғандықтан ба, қант алушылар көп. Бұрын қалаға орташа

есеппен 60 тонна қант әкелінсе, қазір 80 тонна қант жеткізіледі. Сондықтан халықты сабырға шақырамыз. Қалада қант жетеді. Азық-түлік тауарларының бағасы тұрақты. Дегенмен инфляция тауар бағасына әсер етеді. Ол кезде бағаның өсуі сауда орталықтарына ғана емес, тауар өндірушілеріне де байланысты болады. Ендігі кезекте бағаны тұрақтандырмаған сауда орталықтарының иелеріне қатысты шара қолданамыз. Міндетті түрде белгіленген бағаны тұрақтандыру бойынша бақылау жүргізіп отырамыз» деді ол.

Нұр-Сұлтан қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Куаныш Сапаров сауда ұйымдарымен 24 келісімшартқа қол қойылғанын мәлімдеді.

– Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы бүгінгі таңда бағаны тұрақтандыруға жалпы бюджеттен 14 млрд теңгеге жуық ақша бөлді. Сол ақшаға 40 мың тоннадан астам азық-түлік тауары сатып алынды. Олар қаланың 110-нан астам сауда орындарында сатылып жатыр. Оның бірі – 60-тан астам сауда ұйымы бар «Magnum» сауда желісі. Алдағы уақытта баға өсуінің алдын алу үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерімен келісімшарт жасаймыз, – деді Қ.Сапаров.

Бақылау барысында сауда орындарындағы халыққа қажетті өнімдер жеткілікті екені анықталды. Комиссия мүшелері дүкен басшыларына азық-түлік бағаларын тұрақты ұстауды тапсырып, бағаны негізсіз көтеру бойынша тиісті жауапкершілік шаралары қолданылатыны туралы түсіндірді.

Индира БЕРЖАНОВА



НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТҰРАҚТАНДЫРУҒА ЖАЛПЫ БЮДЖЕТТЕН 14 МЛРД ТЕНГЕГЕ ЖУЫҚ АҚША БӨЛДІ. СОЛ АҚШАҒА 40 МЫҢ ТОННАДАН АСТАМ АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЫ САТЫП АЛЫНДЫ. ОЛАР ҚАЛАНЫҢ 110-НАН АСТАМ САУДА ОРЫНДАРЫНДА САТЫЛЫП ЖАТЫР



ДАМУДЫҢ КҮШІ – БІЛІМДЕ

Қазір өркениетке қол созған елдер адами капиталдың сапасын арттырып, білім, ғылым, инновациялық прогресс арқылы озуға мықтап кірісті. Осыдан-ақ оқу-ағарту саласының маңызын түсінуге болады.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Сапалы білім мен саналы тәрбие беруді үйлестіру бағытындағы жұмыстарды Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев онлайн брифингте жан-жақты талдап, баяндап берді.

Шынында, әлемнің озық елдерінде мемлекеттік капиталдың 70-80 пайызын адами капитал құрайды. Қазақстанда мемлекеттік капиталдың 68 пайызын табиғи ресурстар құраса, 21 пайызы – өндірістік қорлардың еншісінде. Адам капиталының үлесі 11 пайыз ғана. Содан болса керек-ті, Президент тұрақты даму және әлемдік бәсекеге қабілетті елдердің қатарына еңде адам капиталын дамытуды стратегиялық басымдық ретінде белгілеп берді.

Адами капиталды қалып-

тастыратын хәм дамытатын құрал – мектепте. Сондықтан заманауи типтік жобалаған мектеп салынып, тәжірибелік сабақ өтетін сынып жабдықталып, интернетке қолжетімділік артып келеді. Енді саладағы жұмыстарды тиімді үйлестіріп, ұстаздардың біліктілігін жетілдіруге көңіл бөліп, ағартушылық ортадағы бірлік пен берекені бекемдеу міндеті тұр.

Басқарма басшысы алдымен осы турасындағы ойымен бөлісіп, сосын оқушыларды жаңа оқу жылына дайындаудың маңызына тоқталды.

– 2022-2023 оқу жылында аудан әкімдіктерімен бірлесіп демеушілік қаражат есебінен керек-жарақтары бар мектеп рюкзактары түрінде әлеуметтік осал санаттағы 16 мыңнан аса баланы қамту жоспарланып отыр.

Дәстүрлі «Жалпыға міндетті білім беру» бағдарламасы аясында оқушылардың мек-

теп киімін, аяқ киімін және қажетті кеңсе тауарларын сатып алу үшін көмек көрсетіледі. Білім алушылар қажетті керек-жарақтарды сатып алу үшін материалдық көмек ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың немесе көмекшілерінің білім алушының өтінішіне сәйкес ақшалай беріледі. Материалдық көмек алушы өтініш жазып, банктік карточканың 20 таңбалы нөмірін ұсынады. Немесе

материалдық көмекті аудару үшін банкте арнайы шот ашуы қажет, – деді Қ.Сенғазыев.

Білім беруде ең маңызды міндет – сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету. Бізді осы бағыттағы жұмыс қызықтырды.

– Қазіргі кезде мектеп қорында 1-11-сынып аралығында 2,5 млн-нан астам оқулық бар. Биыл мектептердің кітапхана қоры 2-сыныптарға арналған жаңадан шыққан кітаптармен толығады. Бүгінде мектеп

оқулықтарды 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-сыныптарға таратуды бастаған.

25 тамызға дейін елордалық оқушылар оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіледі. Бала санының өсуіне байланысты 1 млн-нан астам қосымша оқулық сатып аламыз. Көші-қон ағымына байланысты жыл сайын оқушылар саны 15-20 мың балаға артады. Егер 2020-2021 оқу жылында оқушылардың

жалпы саны 193512 баланы құраса, 2021-2022 оқу жылында 215074 бала білім алды, – деді Қасымхан Сенғазыұлы.

Құзырлы басқарма басшысы елордадағы 4 мектептің үш ауысым мәселесі жайына тоқталып өтті.

– Осы үш ауысымдық және тығыздық мәселесін шешу мақсатында жыл соңына дейін 23000 орынға арналған 11 мектеп пайдалануға беріледі. Ол өз кезегінде 7 мектептің тығыздық мәселесін шешуге ықпал етеді. Қыркүйек айында екі мектеп ашылады: Е51, Е69, Е70 және «Зәм-Зәм» тұрғын үй кешені ауданында Vinom мектебі және Е-22 және Тұран даңғылы ауданында International school of Nur-Sultan city. Бұл мектептердегі оқушы орындарының жалпы саны 6 мыңды құрайды (екі ауысымда). Жол картасына сәйкес, 2025 жылға дейін 80880 орынға арналған 67 мектептің құрылысы жоспарланды, – деді ол.

Қасымхан Сенғазыев биыл 16720 білім алушыны материалдық көмекпен қамту жоспарланып отырғанын мәлім етті. Елордадағы мектептерден 8 мыңнан аса баланы қамтитын өтініш түскені белгілі болды.



Иә, біз қашан қазақ боламыз? Ойланта-тын мәселе! Заң рұқсат берсе де, өз тегіміз бен аты-жөнімізді қазақ қарпімен жазуға әлі асықпай жүрміз. Сылтау көп! Ынта, ықылас жоқ!

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Жазушы Александр Бек Мәскеуді қорғаған батырлардың ерлігі жайлы жазу үшін соғыс кезінде Бауыржан батырға айлап-жылдап еріп жүріп, «Волоколам тас жолы» кітабын жарыққа шығарады.

Автор кітапта батырмен қалай танысқанын баяндайды: «Ол аты-жөнін айтты. Жөнді есіте алмай, қайта сұрадым.

– Бауыржан Момышұлы, – деді. Тілшінің әдегі бойынша дәптерді қолыма алып:

– Фау етіңіз, фамилияңыз қалай жазылады? – деп сұрадым.

– Менің фамилиям жоқ, – деді ол. Мен бетіне таңдана қарап едім, ол:

– Атым Бауыржан. Әкем Момыш, мен соның ұлымын, баласымын, түсіндің бе? – дейді.

Оның үнінде астарлы бір зіл бардай сезілді. Кейін, әбден танысып, сыр алысқан кезде ғана, оның не себепті өзін фамилиясыз адам деп есептейтінін ұқтым» депті.

Жазушының соңғы екі сөйлемге екіні, леп беруінен батырдың өзінің ата-тегінен «ов-пен» былғағысы келмей, өлшемді қалыпқа сыймай, құлдық санаға мойынсұнған айналасындағыларға зілді кейістіктен биіктен қараған өр мінезін дәл жазған.

Жазушы, сатирик Шона Смаханұлы орталық саябақта Бауыржан Момышұлына кездейсоқ жолығып қалыпты:

– Ассалаумағалейкум, Бауке!

– Уағалейкумассалам! О, қазақтың ұлы адамы екенсің ғой. Кел бері!

Баукең «ұлы» деген сөзге салмақ сала айтыпты. Шона түсінбей сақалақтап қалады. Баукең оған: – Иә, бүгін Қазақстанда екеуіміз ғана ұлы адамдармыз. Мен – Момышұлы, сен – Смаханұлы. Басқалардың бәрі «ов-тар» мен «ев-тер» деген екен.

Кеңес өкіметінің қылышынан қан тамып тұрған кезінде қаһарманның жасаған бұл әрекетін өрлік, ірілік, ерлік, рухтылық десек, тәуелсіздік туы желбіреген бейбіт те берекелі заманда «ұлы» атануға ниет танытпауымызды қалай түсінеміз?

Анель, Асель, Айгерим, Урынбай, Нурлан, Джалғаз, Эрик, Абаев, Ахметов, Айтжанович, Муратович болып, құлдық қамытты арқалап жүре береміз бе? Кеңестік билік



ӨЗІҢ ҚАЗАҚ. ҚҰЖАТЫҢ ШЕ?

таңбалап берген әріптерден қашан құтыламыз?

Қазір қолы тисе Үкіметті «қазақ тілін дамыта алмай отыр» деп сынайтандар көп. Алдымен сондай пиғылдылар өзінің тегін қазақшалап аласа, қанекей?!

Осындайда белгілі қаламгер Нұртөре Жүсіптің: «Мұғалімдер жыл сайын мектепке келетін баланың тізімін алады. Сабақ береді. Дәптер тексереді. Жылды қорытады. Осының бәрінде сынып журналының бетінде қате өріп жүреді. Фамилияда, атында, әкесінің атында «мягкий знак?» толып жүр. Мұғалім соның қате екенін көреді. Біледі. Бірақ түзете алмайды. Түзетуге қақы жоқ. Өйткені метіргеде солай. Метірге – түпқұжат. Түпқұжатқа түскен жазу – заң. Соның негізінде кейін төлқұжат толтырылады. Аты-жөні қате-кәте бала тест тапсырады. Тізім шығады. Қатені газет корректорлары түгілі, бас редакторы да түзете алмайды. Көріп отырсыз қате екенін. Білесіз қате екенін. Бірақ бір әріпті түзетуге қақыңыз жоқ. Сонда не болды?» дегені еске түседі.

Енді өз басымнан өткен мәселені баяндап берейін. Бірде редакцияға жарнама беруге парасатты адам келді. Жүріс-тұрысынан, сөйлеу мәнерінен ұстаздық қасиеті көрініп-ақ тұрды. «Адам сөйлескенше, жылқы кісіненке-ше» дегендей, жақын сөйлесе бастады. Топшылағанды, ұстаз болып шықты. Мұрагерлік рәсімдеуде екен.

Сөзінің аяғында «менің аты-жөнім қатесіз жазылсын» деп «мягкий знакты» орындай жеріне қоюды талап етті. Іштей жақын тартып, адамның ныспысындағы қазақты дыбыстар «-у-ға», «-и-ге» айналғанын көрдім.

Содан газеттің бір жылдық тігіндісін алып, жарнамалық бетке көз тіктім. Мұрагерлік қашан құтыламыз? Шіркін-ай, қатесіз жазылған адамның аты-жөнін таппадым. Қатені жіберген біз емес. Шүкір, грамматикалық қателерге сауатымыз жетеді. Жеке куәліктегі жазылу формасы сондай. Оны өзгерту – бізге заңсыздық. Бір әріпін қазақты дыбысқа өзгертсеңіз, басыңыз бәлеге қалады. Оны нотариус қабылдамайды. Себебі төлқұжаттағы әріптердің орны өзгермеуі тиіс.

Қазір бір ғана Мөлдiрдiң – Молдр, Молдир, Мулдир, Моьдр, Мулдр, Малдр деген нұсқада жазылғанын көруге болады. Мәдина мен Мұраттың да ондаған орысшаланған нұсқасы бар.

Осы орайда, ғалым Бекжан Досжанұлы: «Есімдердің құрылымында қазақ тілінде жоқ кірме дыбыстың орнына екіншісінің қолданылуы туралы қалыптасқан лингвистикалық ереже – кеңестік идеология тұсында ойлап табылған қазақ есімдерінің өзінше шығу тегінен адастырып, ұлтты жоюдың сырт көзге байқала бермейтін, өте нәзік саяси құралы» деп жазады.

Кеңестің билік дегеніне жетті. Марқұмдардың басына көктас қойғанда көбіне азан шақырып қойған есімін емес, құжаттағысын жаздырады. Бұл дегеніңіз – әкесінің, ата-бабасының тегін жоғалту деген сөз.

Қазір қазақ болу үшін Баукең сынды ерлік жасаудың қажеті жоқ. Бар болғаны Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, 1996 жылғы «Ұлтты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу туралы» Жарлықты негізге алып, жергілікті жердегі полиция бастығына тегіңізді қазақша жаздыруға байланысты өтініш жазасыз. 500 теңгеге жетер-жетпес қаржы

төлеп, суретке түссіз. Сосын 10-15 күн күтіп, «ов» пен «ева», «вич» пен «евна»-дан біржолата құтыласыз.

Жарлықта ұлтты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атының жазылуында қазақ тіліне тән емес аффиксті алып тастай отырып, өзгертуге хақылы, алайда тегі мен әкесінің атына түбір негізі сақталуға тиіс. Бұл ретте әкесінің атын жазған кезде азаматтың жынысына қарай «ұлы» немесе «қызы» сөздері қосылып бірге жазылады деп көрсетілген.

Дәл осы өзгерістің сіздің барлық құжаттарыңызға ешқандай кері әсері болмайды. Мұны өз басымнан өткізгеннен кейін жазып отырмын.

Бір кездері кеткен кемшіліктің салдарынан Байгенжеев Нұрлат Айтжанович тұрғынмын. Қазір Байгенже Нұрлат Айтжанұлымын. Өз басым өмірдегі үлкен жетістігіме тегімді қазақшалауымды жатқызамын.

Құжатымды қазақшалап алдым-ау, алайда атым мен тегімді шатастыратындар көп бейді. Егер Шерхан Мұртаза сынды тұлға болсаңыз жақсы, танымал болсаңыз, есімі мен тегін шатастыратыны белгілі. Өйткені жеке куәлікті жазу формасын біріздендіру маңызды болып тұр. Жеке куәлікті жазу формасында тегі, аты, әкесінің аты жазылады. Ал ұлттық таным бойынша бірінші атын, сосын тегін атаймыз. Көрдiңiз бе, бiздiң ойлау жүйемiз бен жеке куәлiктi толтыру үлгiсi бiр-бiрiмен сәйкесе бермейдi. Ең бiрiншi осыны шешiп алғанымыз дұрыс.

Бұл елеусіз іс секілді көрінеді. Бірақ артында үлкен идеологиялық мән жатыр. Қазір текті қазақшалау сөзді емес, нақты істі қажет етеді. Қысқасы, қазақ болатын уақыт келді!

#КЕРЕККЕҢЕС



ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?



Covid-19 ауруының өсуіне байланысты елордада жедел жәрдемге жүгінуге жағдайлары жасалып кетті. Елордалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ресми сайтында жедел медициналық көмекке жүгінуге ережелері орналастырылды.

103 қала телефоны бойынша жедел медициналық көмек (ЖМК) келесі жағдайларда:

- жазатайым оқиғалар, жарақаттар немесе улану;
- науқастың немесе оның айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына елеулі зиян келтіруі мүмкін аурулардың өршуі;
- босану немесе жүктілік ағымның асқынуы;
- жедел коронарлық синдром кезінде шақырылады.

Мұндай жағдайларда дереу жедел медициналық жәрдем қызметіне хабарласыңыз! **ЕСКЕРТПЕ:** бұдан басқа, алғашқы медициналық-санитариялық көмек мамандарының өтініші бойынша ЖМК қызметкерлері шұғыл емдеуге жатқызуды қажет ететін пациенттерді тасымалдауды жүзеге асырады.

Азаматтардың 103 телефоны бойынша жедел медициналық көмек қызметіне хабарласу ережелері:

№1 ЕРЕЖЕ

Қоңырау шалушы науқастың нақты мекенжайын, алдыңғы есіктің кодын, сондай-ақ үйге жетудің ең оңай жолын түсіндіруі керек. Бұдан басқа, жедел медициналық көмек қызметінің қызметкері қоятын пациент туралы барлық сұрақтарға барынша дәл жауап беру қажет, өйткені қажетті бейіндегі бригаданың келу жылдамдығы (кардиологиялық, педиатриялық, желілік және т.б.) осыған байланысты болады.


№2 ЕРЕЖЕ

Диспетчермен сөйлескеннен кейін бірнеше минут өткен соң пәтердегі адамдардың бірі (егер, әрине, жағдай мүмкіндік берсе) далаға шығып, жедел медициналық жәрдем қызметкерлерін қарсы алу керек. Әсіресе, мұндай әрекеттер кешке және түнде аса маңызды. Өйткені біріншіден, олар бригаданың келуіне жеделдетеді, екіншіден, ЖМК қызметкерлері арасында әйелдер көп, олардың қауіпсіздігіне кепілдік береді.

№3 ЕРЕЖЕ

Оқиға орнына келген жедел медициналық жәрдем қызметкерлеріне жұмыс үшін жағдай жасалуы керек, өйткені оның тиімділігі осыған байланысты.

Бірінші кезекте науқастың жанында бөгде



адамдардың болмауын қамтамасыз еткен жөн. Содан кейін жедел медициналық жәрдем қызметіне жүгінуге түртікі болған себептерді нақты тұжырымдау, сондай-ақ ЖМК бригадасы келгенге дейін пациенттің шағымдары мен мінез-құлқы туралы хабарлау қажет.

Бұдан басқа, егер науқас созылмалы аурулармен ауығуының асқынуы; жедел коронарлық синдром кезінде шақырылады. Мұндай жағдайларда дереу жедел медициналық жәрдем қызметіне хабарласыңыз!

№4 ЕРЕЖЕ

Пациентті ауруханаға жатқызылған жағдайда онымен бірге тек бір туысының немесе танысының еріп жүруіне рұқсат етіледі.

ЖМК қызметінің мамандары келесі жағдайларда үйге шақыртуға бармайды:

- амбулаториялық-емханалық ұйымдардың жұмыс уақытында шұғыл медициналық көмекке уақыт емес науқастың үйіне;
- емдеуші дәрігер тағайындаған емшараларды (көктамыр ішіне, бұлшықетшілік, тері астына инъекциялар, қандағы қантты анықтау және т.б.) орындауға;
- шұғыл ауруханаға жатқызуды қажет етпейтін жоспарлы науқастарды тасымалдауға;
- сот-наркологиялық және басқа да медициналық сараптама түрлерін жүргізуге;
- медициналық ұйымдарға консультациялық көмек көрсетуге;
- науқастарды стационардан үйге жеткізуге;
- өлім жағдайларын куәландыру үшін науқастың үйіне бармайды.

Жұқпалы аурулардың (мысалы, тұмау, гепатит, қызылша және т.б.) алдын алу және өз денсаулығын сақтау мақсатында қала тұрғындарына тұрғылықты жері бойынша емханаларда профилактикалық егулерден өту қажет. Жедел медициналық көмек қызметінің мамандары сот-медициналық қорытындылар, алкогольдік масаңдықты куәландыру актілерін, еңбекке жарамсыздық парақтары мен анықтамалар бермейді.

27 МЫҢ АДАМ ЖҰМЫСТАН КЕТТІ

Өткен үш айда, яғни сәуір мен маусым айы аралығында 27018 елордалық өз еркімен жұмыстан кеткен. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық Статистика департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жедел деректер бойынша Нұр-Сұлтан қаласының ірі және орта кәсіпорындарына 2022 жылдың II тоқсанында 30027 адам жұмысқа қабылданды. Осы уақытта өз еркімен 27018 адам қызметінен кетті. Бұл жұмыстан босаған персоналдың 84,7 пайызын құрайды. Кәсіпорының жабылуы мен қызметтегі

қысқартуларға орай жұмыссыз қалған азаматтардың үлесі – 2,1 пайыз. Сонымен қатар өз міндетін атқаруда олқылықтарға жол берген 12,5 пайыз жұмысшы қызметтен босатылған.


Бүгінде елорданың Халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде 4873 азамат тіркелген.

«North Land» ЖШС ҚР ЭК 49-3-бабына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қазыбек би көшесі, 37-учаске мекенжайы бойынша жапсарлас салынған үй-жайлары мен паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы «Қоршаған ортаны қорғау» тарауы» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама экопорталда ұсынылған (<https://ecportal.kz/>), сол жерде ескертулер мен ұсыныстар 23 тамыздан бастап 27 тамызды қоса алғандағы кезеңде қабылданады. Қосымша ақпарат мына мекенжай бойынша: aaa-2008@mail.ru және телефон арқылы: 87015484410.

«INSTANTE» ЖШС ҚР ЭК 49-3 бабына сәйкес, «Қоршаған ортаны қорғау» тарауы» жобасы бойынша Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Абай даңғылы мен С409 көшесінің қиылысындағы жапсарлас үй-жайлары мен паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені (жобалық атауы) көпшілік талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама экопорталда ұсынылған (<https://ecportal.kz/>), сол жерде ескертулер мен ұсыныстар 23 тамыздан бастап 13 қыркүйекті қоса алғандағы кезеңде қабылданады. Қосымша ақпарат мына мекенжай бойынша: aaa-2008@mail.ru және телефон арқылы: 87015484410.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі «Вечерняя Астана» газетінің бас редакторы Лариса Олеговна Увалиеваға **анасының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ELORDA AQPAPAT» ЖШС ұжымы «Вечерняя Астана» газетінің бас редакторы Лариса Олеговна Увалиеваға **анасының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ

Балалар жылы аясында елорданың іргесіндегі «Сарыжайлау» этнографиялық ауылында «Қара шаңырақ» ұлттық тәрбие беру мектебінің ұйымдастыруымен «Дара» шешендік оқу орталығының балаларына арналған «Экософия. Киелі табиғат» тақырыбындағы рухани-танымдық сабағы өткізілді. Оған Нұр-Сұлтан қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп қатысты.

Іс-шараның мақсаты – баланы табиғатты сүйе, қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық мәдениетке үйрету, адал еңбектің маңызын ұғындыру, кітап оқуға баулу, кітапқа деген құштарлығын арттыру, ана тіліне деген құрмет сезімін қалыптастыру, қабілетін ашу, жан-жақты дамыту.

Балалар орман аралап, самаурын қайнату үшін шыршаның бүрін, қураған тал жинады. Табиғатты қорғауға үйреніп, ұлттық ойындар ойнады. «Ертегі – ел ертеңі» жобасы аясында балаларға

ертегі оқылды, сыйлыққа ертегі кітаптар таратылды. Балаларға киіз үй, ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігі жайлы мағлұмат берілді. Балалар шешендік өнерін көрсетті. Іс-шараға 20 бала және 10 ата-ана қатысты.

«Дара» оқу орталығының ұстаздары мен ата-аналар да «Қара шаңырақ» мектебінің ұрпақтың рухани-өнегелік тәрбиесі жолындағы атқарып отырған жұмысына ризашылығын білдіріп, бірлесіп ынтымақтастықта жұмыс істеу жайлы ойын жеткізді.



ДИЗАЙН ЖАСАУДЫ ҮЙРЕТЕДІ

Биылғы сәуір айында елордада Сән және дизайн студиясы жұмысын бастады. Мұнда өз идеялары мен жобаларын жүзеге асыруды армандайтын талантты дизайнерлер мен суретшілер үшін есік ашық.



– Бала кезімде мультфильм режиссері немесе сәнгер болуды армандадым. Алғашқы коллекцияны 7-сыныпта көрсеттім. Кейін мұғалімдерім мен сыныптастарым мектепте алғашқы сән көрсетілімімді өткізуге көмектесті. Мектепті бітірген соң Т.Жүргенов атындағы академияға грантқа оқуға түстім, – дейді шығармашылық шеберхананың жетекшісі Ария Жүнісбек.

21 жасында ол Лондондағы өнер университетіне оқуға түсті. Одан кейін Қазақ ұлттық өнер университетінің магистратурасын тәмамдады. «Универсиада-2017» гала-концертіне, Каспий теңізі саммитіне костюмдер дайындады. Ария Жүнісбек Сеул сән апталығына шетелдік сәнгер ретінде шақырылды. Бакуде Өнер академиясында шеберлік сабақтарын өткізді. Стамбулдағы Өнер институтында, Абу-Дабиде, Миланда сән көрмелерінде болды.

– Қазір мен бар күшімді балалардың кәсіби дизайн және жазу дағдыларын дамытуға жұмсаймын. Басында ақылы курстар аштық. Бірақ кейінірек ата-аналардың балаларының шығармашылық білім алуына ақша төлеуге мүмкіндігі жоқ екенін түсіндік. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарына қиынға соқты. Сондықтан осындай балалар үшін тегін ашу идеясы келді. Қазір біздің шығармашылық орталықта 16 бала бар. Оның үшеуі мүмкіндігі шектеулі жандар. Сондай-ақ бізге 6 зейнеткер келеді, – деп бөлісті өнер студиясының жетекшісі.

Әлеуметтік орталықта эскиз бен аксессуарларды жасауды және модельдеу бойынша негізгі дағдыларды, сонымен қатар суретке түсуді, макияж және шаш үлгісінің негіздерін, сурет салу техникасымен жұмыс істеуді, сурет салуды және т.б. үйретеді.

«ҚАЗАҚКОНЦЕРТТІҢ» БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҒЫ

«Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы биылғы Балалар жылының аясында «Балалар филармониясы», «Арман асулары» жобаларын қолға алып, халықаралық «Алем saz» фестивалін, «Ортеке» дәстүрлі театр өнері форумын өткізеді, «Алдар көсе» мюзиклінің премьерасын ұсынады.

«Арман асулары» атты ерекше балаларға арналған инклюзивті жобаны бастағалы жатырмыз. Еліміз бойынша таланты бар ерекше балаларды жинап, сахнаға шығуына жағдай жасаймыз. Сол сияқты олар біздің өнер жұлдыздарымен бірге ән айтатын болады. Сонымен қатар бізде «Ортеке» атты қуыршақтар театры бар. Аталған өнер ұжымы биыл ЮНЕСКО-ның тізіміне енді. Осы орайда елімізде қуыршақтар форумын өткізу жоспарда бар» дейді



«Қазақконцерт» директорының шығармашылық қызмет бойынша орынбасары Серік Нұрмолдаев.

Сонымен қатар «Қазақконцертте» балаларға арналған «Жазғы кино» жобасы жалғасып жатыр. 16 тамыз күні жеткіншектер сағат 10.00 және 12.00-де «Паралимпиец» фильмін тамашалай алады. Жас шектеулігі 6+. Билеттер алу үшін: 8 708 888 1991 нөміріне WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы жазу керек.

Биыл Ұлттық музейде Балалар жылының аясында қолға алынған «Музейдегі жазғы демалыс» жобасы тамыз айында да өз жұмысын жалғастыруда. Жобаның мақсаты – интерактивті танымдық экскурсиялар, ойын түріндегі іс-шаралар арқылы жеткіншектерге халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын таныстыру, музейге деген қызығушылықтарын ояту, балалардың жазғы бос уақытын пайдалы өткізу.

МУЗЕЙДЕГІ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС



Жобаға еліміздің түкпір-түкпірінен келген оқушылар қатысуда. Осы жолы Павлодар облысы Шарбақты ауданының ауылдарынан келген бір топ бала музейді тамашалады. Балалар қызықты экскурсияларға қатысып, музей экспозиция-

ларымен танысып, өнер мен шығармашылық атмосфера-сына енді. Музей педагогтары балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға бағытталған шеберлік сабақтарын өткізді.

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

Ұлттық академиялық кітапхана және Нұр-Сұлтан қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі бірлесіп, «Абай тағылымы» атты іс-шара өткізді.



Іс-шараға буккроссинг, конкурс, викторина, Абай оқулары кірді.

Атаулы іс-шара аясында «Абай әлемі» атты кең көлемді кітап көрмесі, сирек қорлардан құралған көрме, абайтанушылардың қаты-

суымен дөңгелек үстел, балалардың Абай шығармаларын мәнерлеп оқудан марафоны, кітап алмасу және басқа да мерекелік шаралар ұйымдастырылды.

Баян АСЫЛБЕКОВА